

Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану Қағидаларын бекіту туралы

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 171 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылды 04 маусымда № 2741 болып тіркелді

Р К А О                    е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабының 22) тармақшасына және 31-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 49-е Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырган Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану Қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Базарханов Есім Сейілханұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"

мекемесінің басшысы  
"20" 05 2014 ж

басшысы  
"20" 05 2014 ж

Ақсу  
2014  
"Ақсу

Ә. Далбағаев

"Ақсу ауданы қаржы  
бөлімі" мемлекеттік  
Аманжолова Камаш Ерасылқызы

"Ақсу ауданының ветеринария  
бөлімі" мекемесінің  
Исапанов Сағынбек Кенжеғазыұлы

ауданы  
жылғы  
ауданының

әкімдігінің  
"20" мамыр  
коммуналдық

меншігіне	келіп	түскен,	қараусыз
қалған	жануарларды	келіп	түсу
және	пайдалану		қағидаларын
бекіту	тұралы "	№	171
қаулысына қосымша			

**Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз  
қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану  
Қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, "Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 01 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындаады.

2. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес, адам бағында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде, олар Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне түседі және осы Қағидаларға сәйкес пайдаланылады.

## **2. Жануарлардың Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне келіп түсу тәртібі**

3. Қараусыз қалған жануарлардың Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне келіп түсүі қабылдау-тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау-тапсыру актісінде Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне түсетін жануарлардың түрі, жынысы, түсі, жасы міндепті түрде көрсетілуі тиіс. Қабылдау-тапсыру актісі жануарларды тапсырган тұлғаның, "Ақсу ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі және "Ақсу ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - қаржы бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуы кезінде жасалады. Қабылдау-тапсыру актісін қаржы бөлімінің басшысымен бекітіледі.

4. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарларды қабылдау-тапсыру актісі негізінде теңгерімге алу "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы З тамыздағы № 393 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бүйрүғына сәйкес жүргізіледі.

### **3. Жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру**

5. Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне түскен жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды Ақсу ауданының коммуналдық мұліктер тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен

6. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін, жануарларды аудан әкімдігінің қаулысы негізінде тиісті әкімдер аппараттарының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Теңгерімге алу Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылдау - тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады.

#### **4. Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне келіп түскен жануарларды пайдалану тәртібі**

7. Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне түскен жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік занды тұлғалардың тенгеріміне өтеусіз  
б е р у ;

2) аукцион арқылы сату;  
3) сауда үйымдары арқылы сату;

4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарын қоспағанда) қорғайтын арнайы орындарға немесе жеке адамдарға өтеусіз беру.

8. Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне түсken жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда аудан әкімдігінің қаулысымен құрылған тұрақты комиссия шешеді.

## 5. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару тәртібі

9. Жануарлар Ақсу ауданының коммуналдық меншігіне өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде – ол тиісті жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

10. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды күтімге алуға байланысты шығыстарды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

11. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны

жергілікті бюджет есебінен бұрынғы меншік иесіне өтеделі. Бұл ретте жануарларды бағуға байланысты қаржының көлемі шегеріледі.

12. Жануарларды қайтару немесе құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен қаржы бөлімі арасында жасалатын шартпен ресімделеді.

## 6. Қорытынды

13. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК